

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мәтіндегі қате медиа этикасын бұзады

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/171101/

Мәтіндегі қателер: Медиа этикасына әсері және салдары

Қазіргі ақпараттық дәуірде медиа қоғамды шынайы әрі объективті ақпаратпен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады. Алайда журналистік материалдарда кездесетін қателер тек оқырманның немесе көрерменнің пікіріне әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар медиа этикасының бұзылуына да әкеледі. Бұл аудитория мен қоғамға айтарлықтай теріс әсер етеді. Медиа этика - журналистік қызметтің ажырамас бөлігі, оның басты мақсаты ақпаратты адал және бейтарап жеткізу. Бұл этикалық принциптер мыналарды қамтиды: шынайылық, яғни мәліметтердің дұрыстығы мен нақты болуын қамтамасыз ету; объективтілік, барлық тараптардың көзқарасын тең дәрежеде қарастыра отырып, бейтараптықты сақтау; жауапкершілік, ақпараттың қоғамға зиян тигізуіне жол бермеу; және құпиялылықты сақтау, жеке тұлғалардың құқықтары мен ар-намысын құрметтеу.

Мәтіндегі қателердің салдары. Мәтіндегі қателер ақпараттың сенімділігіне күмән тудырып, бірнеше салдарға алып келуі мүмкін. Қате мәліметтер оқырманның немесе көрерменнің шынайы ақпарат алуына кедергі келтіріп, жалған түсініктердің қалыптасуына немесе жалған ақпараттың кеңінен таралуына себеп болуы мүмкін. Дұрыс емес ақпарат жеке тұлғалардың беделіне нұқсан келтіріп, олардың ар-намысы мен құқықтарын бұзуы ықтимал. Нәтижесінде бұл заңдық дауларға немесе моральдық шығындарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, медиа материалдарындағы қайталанатын қателіктер аудиторияның медиаға деген сенімін төмендетеді. Бұл ұйымның беделіне және болашақтағы аудиториясын сақтау мүмкіндігіне кері әсер етеді. Жалған немесе бұрмаланған ақпарат әлеуметтік шиеленістерге, жанжалдарға немесе басқа да келеңсіз салдарға себеп болуы мүмкін. Мысалы, экономикалық ахуал туралы жалған мәліметтер халық арасында үрей тудыруы ықтимал.

Мәтіндердегі қателіктерді болдырмау және медиа этикасының стандарттарын сақтау үшін журналистер мен редакторлар ақпараттың түпнұсқалығын мұқият тексеріп, материалдарды бірнеше рет қайта оқып, стилистикалық және грамматикалық қателерді түзетуі қажет. Сонымен қатар, ақпарат көздерінің сенімділігіне көз жеткізіп, оқырмандар мен аудиториядан келіп түскен сын-ескертпелерді назарға алуы маңызды.

Мәтіндегі қателер тек ақпараттың сапасына ғана емес, сонымен қатар медиа саласының беделіне де тікелей әсер етеді. Сондықтан журналистер мен редакторлар әрбір материалды жауапкершілікпен қарап, ақпараттың шынайылығы мен дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс. Тек осы арқылы ғана аудиторияның сенімін сақтап, қоғамды сапалы ақпаратпен қамтамасыз етуге болады.

Мәтіндегі қате медиа этикасын бұзатынына бірнеше және нақты фактілер:

«Жаңаөзен оқиғасы» туралы бұрмаланған ақпарат. 2011 жылы Жаңаөзендегі тәртіпсіздіктер кезінде кейбір медиа құралдары оқиғаларды біржақты немесе бұрмаланған түрде көрсетіп, нақты деректерді растамай жариялады. Кейбір ақпарат құралдары қақтығыс себептері мен қатысушылардың әрекеттерін шынайы жеткізбей, тек билік тарапынан берілген мәліметтерді таратты.

«Қаңтар оқиғасы» кезіндегі ақпараттық манипуляциялар. 2022 жылдың қаңтар айындағы оқиғалар кезінде кейбір БАҚ пен әлеуметтік желі парақшаларында «президент елден қашып кетті» немесе «әскер бейбіт тұрғындарға оқ атуда» деген жалған хабарлар тарады. Кейін бұл мәліметтердің шындыққа жанаспайтыны анықталды.

Этиканы бұзу: Жауапкершілік және шынайылық принциптері бұзылды. Мұндай жалған ақпарат қоғамда дүрбелең туғызып, жағдайды одан әрі ушықтырды.

Мәтіндегі қателердің медиа этикасына теріс әсер ететін мысалдары ақпарат құралдарына деген сенімділікті төмендетуі мүмкін екенін көрсетеді. Медиа қызметкерлері тексерілмеген және біржақты мәліметтерді жарияламай, объективті және жауапты жұмыс істеуі қажет.

Қаракөз ОРАЗ

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.